

**Мұхатова О.Х.**

тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Orazgul7@rambler.ru

## **АХМЕД ИҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ЕҢБЕГІНДЕГІ НЕГІЗГІ ОЙЛАР**

Мақалада тарихнама ғылым саласында тарихи ой және тарихи білім, тарихи таным деген ұғымдар басты түсініктер болып саналатындығы, тарихи ой, тарихи білім тарихнама ғылымының дамуын және тұрақты қозғалу үрдісін көрсететіндігі жөніндегі ғылымда орныққан ғылыми тұжырымдар баяндалады. Тарихи ойдың дамуы үдерісіндегі түркі кезеңінде пайда болған «Ақиқат сыйы» еңбегінің дерек ретінде пайда болу объективтілігі және сақталу формасы қарастырылады. Ахмед Иүгінекидің өмірбаянына қатысты қысқаша мәлімет беріледі. Автор шығарманың мазмұнын ашып, негізгі идеяларын талдайды. Ахмедтің білімнің пайдасы мен надандықтың зияны, тіл және соған байланысты әдеп туралы ойлары ашып көрсетіледі. Ойшылдың адамның бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттер шығармадан мысал келтіру арқылы айқындалады. А. Иүгінекидің дүниенің үнемі өзгеріп тұратын құбылыс және үдеріс ретіндегі танымы мен көзқарасына назар аударылады. Еңбектің тәрбиелік маңызына баға беріледі. А. Иүгінекидің тарихи ойлары Абай Құнанбайұлының көзқарастарымен салыстырылады.

**Түйін сөздер:** тарихи таным, тарихнама, тарихи ой, көзқарас, мәдени мұра, ойшыл, Ахмед Иүгінеки, өмірбаян, ақиқат сыйы, дерек, қолжазба, көшірме, идея, білім, ізгі қасиеттер, үдеріс.

Mukhatova O.H.

Doctor of Historical Sciences, Professor,  
Kazakh National University Al-Farabi, Kazakhstan, г. Almaty,  
e-mail: Orazgul7@rambler.ru

### **The main thoughts in the work of Ahmed Iugineki "The Gift of Truth"**

The article represents scientific conclusions about historical thought and historical knowledge as the main concepts in historiography, the concept of the moving role of historical thought in the process of the constant development of historical science. The objectivity of the appearance and form of the preservation of the work "The Gift of Truth" as a historical source in the process of development of the national historical thought is considered. Brief information about the biography of Ahmed Iugineki is given. The author reveals the content of the essay, analyzes the main ideas. Ahmed's thoughts are determined on the usefulness of knowledge and the danger of ignorance, the role and importance of language, as well as the ethical norms associated with it. Positive and negative qualities of the person are stated on the example of statements of the thinker. Attention is drawn to the knowledge and views of A. Iugineki about the constant variability of the world as a phenomenon and process. The estimation of the educational value of labor is given. The thoughts of A. Iugineki with the historical views of AbaiKunanbayevare compared.

**Key words:** historical knowledge, historiography, historical thought, view, cultural heritage, thinker, Ahmed Iugenerki, biography, gift of truth, source, manuscript, copy, idea, knowledge, positive qualities, process

Мухатова О.Х.

доктор исторических наук, профессор,  
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: Orazgul7@rambler.ru

### Основные мысли в работе Ахмеда Иугинеки «Дар истины»

В статье излагаются научные выводы об исторической мысли и историческом знании как основных понятиях в историографии, концепции о движущей роли исторической мысли в процессе постоянного развития исторической науки. Рассматривается объективность появления и формы сохранения сочинения «Дар истины» как исторического источника в процессе развития отечественной исторической мысли. Даются краткие сведения, касающиеся биографии Ахмеда Иугинеки. Автор раскрывает содержание сочинения, анализирует основные идеи. Определяются мысли Ахмеда о пользе знания и вреде невежества, роль и значение языка, а также связанные с ним этические нормы. Излагаются позитивные и негативные качества человека на примере высказываний мыслителя. Обращается внимание на познание и взгляды А.Иугинеки о постоянной изменчивости мира как явлении и процессе. Дается оценка воспитательному значению труда. Сравниваются мысли А.Иугинеки с историческими взглядами Абая Кунанбаева.

**Ключевые слова:** историческое познание, историография, историческая мысль, взгляд, культурное наследие, мыслитель, Ахмед Иугинеки, биография, дар истины, источник, рукопись, копия, идея, знание, позитивные качества, процесс.

### Кіріспе

Қазіргі уақытта тарихнама ғылым саласы туралы түсінік кеңейді, ол бірнеше бөліктерді құрайды. Ол ең алдымен тарихи таным мен ойдың дамуына әсер еткен қоғамдық жағдайларды анықтайды, өйткені қоғамның нақты тарихи ортасы, рухани, әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы тарихи білімнің жинақталу үдерісіне ықпал етеді. Тарихнама тарих ғылымының тарихын зерттейтіндіктен оның дамуы тарихи оймен, тарихи санамен тығыз байланысты. Тарихнама ғылым саласында тарихи ой және тарихи білім, тарихи таным деген ұғымдар басты түсініктер болып саналады. Тарихи ой, тарихи білім тарихнама ғылымының дамуын және тұрақты қозғалу үрдісін көрсетеді (Мұхатова О. Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық мәселелері және зерттеу үлгілері. 2009: 9). Сондықтан да адамзаттың әртүрлі кезеңдеріндегі тарихи ойдың дамуын зерттеу өзекті болып табылады.

Тарихи танымның даму жолдарын бірізді қарастыра отыра тарихнамалық дерек ғылымының қозғаушы күштерінің, әртүрлі ғылыми мектептердің бағыттарының пайда болуының және ауысуының заңдылықтарын, олардың объективті шынайылықтың көрсеткіштеріне орай қалыптастырған тұжырымдамаларының, сол ғылыми ой-тұжырымдардың өз заманының қоғамдық өміріндегі, тарих ғылымын дамытудағы маңызын айқындауға мүмкіндік береді (Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық мәселелері және зерттеу үлгілері. 2009: 11). Тарихи дерек адамның тұлғалық

өзіндік санасының және адам мен қоғамның өзара қарым-қатынастарының эволюциясы тұжырымдамасымен байланысты қалыптасады. Адамзаттың дамуы барысында оның шығармашылық мүмкіндіктері және өз тәжірибесін материалдық бейнелерде түрлі жолдармен қалдыруда жаңа тарихи деректер пайда болып, олардың қасиеттері, түрлік құрылымдары өзгеріске ұшырайды (Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы, 2016:7). Сондай өз заманында озық ойлы тарихи және тарихнамалық дерек қалдырған әлемдік ауқымдағы ғалымдар мен ойшылдар.

Тарихи ой ежелгі Шығыстан бастап қалыптасып, антикалық елдерде айтарлықтай дамып, орта ғасырларда әртүрлі бағыттарды қамтыды. Осыған орай түрлі мектептер қалыптастырған ғылыми тарихи тұжырымдамалар дүниеге келді. Қазақстан тарихының түркі дәуіріндегі тарихнамасында тарихи таным мен тарихи ой өзіндік белгілерімен ерекшеленді. Оның дамуына қомақты үлес қосқан ғұлама ғалымдар мен тарихшылар өздерінен кейін маңызы зор құнды деректерді мұра етіп қалдырды. Солардың негізінде көптеген тарихнамалық деректер жарияланып, жинақталды. Бұлардың бірқатары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» (Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 2005-2006) тақырыбында он томдық жинақ түрінде шығарылды. Жинаққа енгізілген еңбектер жекелеген ойшылдар мен тарихшылардың еңбектерін, ғылыми зертханаларын, идеялары мен тұжырымдарын жан-жақты

зерттеуге мүмкіндік тудырады. Сол жинаққа Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» (Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Т.10. – Астана: «Фолиант», 2006) шығармасы енгізілген. Мақала дайындаудың мақсаты – ойшылдың еңбегінің мазмұнын ашу және басты идеяларын айқындау.

### Ахмед Иүгінекидің өмірбаяны және «Ақиқат сыйы» еңбегінің пайда болу объективтілігі



Тарихта Ахмед Иүгінеки, толық есімі – Югнаки Адиб Ахмед ибн Махмуд ортағасырлық ақын, хакім, ойшыл ретінде танылған. Ойшылдың өмір сүрген уақыты және туған жері жөнінде ғылымда әртүрлі пікірлер бар. Зерттеуші-ғалымдар Иүгінекиді (қазақша Жүйнек) XII ғасырдың соңында Түркістан өңірінде туып өскен деп топшылайды. Ахметтің туған жері Түркістанға қарасты Иугнәк деген қыстақ. Қазақтар ол жерді Жүгенек деп атаған. Ахмет жас шағында араб, парсы тілін меңгерген білімді адам болған. XIII ғасырдың орта кезінде дүниеден өтті деп саналады. Осы турасында айта кетерлік жайт, Ахмед Иүгінекидің ғұмыры, өмір сүрген ортасы туралы деректер мардымсыз. Дегенмен колда бар мәліметтерге қарағанда Ахмед жастайынан ілім-білімге құмартып, түркі тілдері мен араб тілін жетік меңгерген. Шариғат қағидаларын жан-жақты зерттеп-танып, терең іліміне сай «Әдиб Ахмед» деген құрметті атқа ие болған. Ақыл-ойы толысып, діни танымы әбден кемелденген шағында Ахмед Иүгінеки қысқаша тақырыптарға бөліп, ислам құндылықтарына негізделген өлең-жырларын өмірге келтіре бастайды. Кейін бұл жәдігерлердің басы біріктіріліп, «хибуат-ул-хақайк» («Ақиқат сыйы») деп аталатын өлеңдер жинағына айналған (<https://kk.wikipedia.org/wiki/>).

Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйының» түпнұсқасы біздің заманымызға жетпей, біржолата жоғалып кеткен. Ахмед Иүгінеки мұрасының XIY-XV ғасырда жасалған үш түрлі көшірмесі, үш түрлі үзіндісі бар. Оның ішінде ең ескісі – 1444 жылы Самарқанда Арыслан Қожа тархан Әмірдің қалауымен Зәйнүл Әбідін бин Сұлтан Бақыт Журжани Құсайын көшіріп жазған нұсқа. Көне ұйғыр, арагидік арабша хатқа түскен нұсқаның жалпы көлемі – 508 жол. Бұл мұра қазір Стамбұлдағы Айя-София кітапханасы қорында сақтаулы. Екінші нұсқа – Стамбұлда 1480 жылы Шайх зада Абд әр-Раззақтың ұйғыр және араб жазуымен көшірген, 506 жолдан тұратын үлгісі. Парсыша, тәжікше түсініктемелері бар бұл нұсқа Стамбұлдағы Айя – София кітапханасында сақтаулы. Қолжазбаны Н. Әсім 1915 жылы, ал Маһмудов 1972 жылы алғаш рет жариялаған. «Ақиқат сыйының» үшінші арабша нұсқасы шамамен XIY ғасырдың соңында 524 жол өлең көлемінде көшірілген. Ол Стамбұлдағы Топ-Қапы сарайында сақтаулы. Сол сияқты «Ұзын көпірдегі Сейіт Әлі» деген адамның кітапханасынан табылып, Анкара кітапханасына табыс етіліп, кейін мүлдем жоғалып кеткен. Анкарадағы Маариф кітапханасынан табылған (көлемі 4 бет), Берлин Ғылым Академиясында сақтаулы тұрған өзге нұсқалардың із-жосықтары Ахмет Иүгінеки еңбектерінің кең көлемде таралғанын дәлелдей түседі. «Ақиқат сыйының» бірнеше нұсқасын тауып, зерттеп, жариялауда – Н. Әсім, Р. Арат (Түркия), В. Радлов (Ресей), Т. Ковальский (Польша), Дени (Франция), Х. Сүйіншәлиев, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Б. Сағындықов (Қазақстан), Н. Маллаев, С. Мутталибов (Өзбекстан) т.б. шығыстанушы ғалымдар үлес қосқан. Ахмед Иүгінеки «Ақиқат сыйының» XIY ғасырдағы түпнұсқасының фотокөшірмесі, транскрипциясы қазақ тіліне қара сөзбен жолма-жол және өлеңмен аударылып, 1985 жылы жарық көрді (<http://bilim-all.kz/figure>). Еңбек «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланған «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» атты он томдық жинақтың оныншы томынан орын алған.

### Еңбектің мазмұны және негізгі идеялары

Ахмед Иүгінеки туындысының басты идеялары: оқу, білім, еңбек, тіл, адамның игі мінездері, достық, дүниенің өзгермелілігі. Автордың пікірінше, келер ұрпақ үшін шығармасын арнайы дайындаған. Осы турасында ол былай деп жазған:

«... Кейін келген жас буындар, ұрпақтар  
Осыны оқып таң-тамаша болсын деп.  
Махаббаты бар көңілді марқайып,  
Жаздым кітап сөз асылын теріп ап,  
Оқығандар бір пайдасын алсын деп...»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 390).

Шығармасында Ахмед білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы ойларын ашып көрсетіп, оған біршама тоқталған. Атам қазақ «білім – таусылмас қазына» деп бекер айтпаса керек. Ахмед білімге, білім алуға асығу қажеттілігі туралы ой қозғайды. Осы тұста халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «өлімнен басқасының бәріне асығу керек» деген пікірі ойға оралады. Білімді адамның өмірі бейнетсіз, бақытты болатынын былай жеткізген:

«Айтайын білім жайын, құнты бар бол,  
Ей, досым, білімдіге ынтызар бол.  
Ашылар білімменен бақыт жолы,  
Білім ал жолға түсіп бақыт жолы»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 390).

Ғұлама білім бақытқа апаратын жол десе, өзінен жеті ғасыр кейін өмір сүрген дана Абай

«... Дүние де өзі, мал өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.  
Білгендердің сөзіне  
Махаббатпен ерсеңіз»  
(Өлеңдер, 1966:13),

деп білімнің таусылмас байлық екенін қадап айтқан. Көріп отырғанымыздай, екі дананың ойлары бір жерден шығып отыр. Екеуі де білімнің адамның уайым-қайғысыз, бай-қуатты ғұмыр кешуінің көзі, түпсіз қазына екендігін насихаттаған. Ахмедтің осы асыл сөздерін кеңестік кезеңде В.И. Лениннің «Оқы, оқы және оқы» деген ұраны тәрізді білім ошақтарының маңдайшаларына жазып қойса да артық болмас еді. Адамзаттың дамуы осы білім, ғылым жолымен жүріп жатқандығы хақ. Заманауи жастар ғаламторға еліктеп, алтын уақыттарын соның тиімсіз тұстарын ақтарумен өткізгенше көбірек кітап оқып, дүниетанымдарын кеңейтсе Елбасының сөзімен айтқанда таусылмас капитал жинаған болар еді. «Білекті мыңды жағады, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөз де Ахмедке тән тәрізді. Себебі ол былай деп жазған:

«Білімді білімсіздің мыңын жеңер,  
Ол біліп білім ізін, теңін теңер,  
Көр байқап, оқы, сына: білім – пайда,  
Білмесең – басқа не бар, сенің нең ер?»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 391).

Ахмед шығармасының құнды тұсының бірі – білім алу идеясы. Ол осы мәселеге қайта-қайта оралып, білім алудың барлық істен артық екендігін алдыға тартқан. Мұндай ой Абай өлеңдерінен кеңінен орын алған. Оған ақынның мына өлең жолдары дәлел бола алады.

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта  
Ерінбей оқып көруге.  
(Өлеңдер, 1966:22).

Ахмед білім алудың қажеттілігімен қатар қараңғы болып қалудың зардабы туралы жазып, оның ауыр болатындығын былай жырлаған:

«Білмеген талай жұмыс істей жүріп,  
Амал жоқ түбінде опық жейді.  
Білікті біліп айтар сөзін ұтар  
Ол емес бос сөзінді бедел тұтар»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 391).

Ал Абай болса өз басынан өткерген жағдайды айтып, өзгелерге тәлім болсын деген ойын былайша жеткізген:

«Жасымда ғылым бар деп есермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл махрұм қалғаныма кім жазалы,  
Қолымды дөп сермесем өстер ме едім»  
(Өлеңдер, 1966:10).

Білімді, білікті мамандары бар ел тұрғындарының ұзақ жасап, бай, қуатты өмір кешіп жатқанына әлем куә. Тәуелсіз Қазақстан да білім беру деңгейінің экономикалық және ғылыми техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екенін жақсы түсінеді. Білім беруде артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізері сөзсіз. Сондықтан да білім беру және оны заманауи талаптарына сәйкес жүргізу қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Осы бағытта атқарылып жатқан шаралар аз емес.

«Басқа пәле – тілден» мақал қашанда өзекті болып келгені мәлім. Алайда оның бастауы Ахмед Иүгінекиге тиісті десек артық айтпаған болар едік. Еңбегінде ойшыл тіл және соған байланысты әдеп туралы айтып өткен.

«Ақылды ма көп сөйлеген күбіне,  
Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.  
Оқ жарасы жазылады, бірақ та

Тіл жарасы жазылмайды: түбі не?»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 392).

Тіл мәселесін қозғай отырып ойшыл жастарға ғибрат айтқан. Тіл өзімдікі деп сөйлей бермей керектіні айтып, керексізден бас тартуға кеңес берген. Өтірік сөзге бармай ақиқатты айтуды таза киім киюмен теңеген.

Ойшыл дүниені үнемі өзгеріп тұратын құбылыс ретінде қарастырған. Мұның өзі Ахмедтің дүниенің үдеріс ретінде танығандығын көрсетеді. Өзінің алдында өмір сүрген ғұламалар тәрізді дамуды үдеріс, үнемі дамуды прогресс деп санаған.

«Бұ дүние – бір керуен сарай-ды,  
Кететіндер түсіп, содан тарайды;  
Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде,  
Келіп түскен соңы соған қарайды»,  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы,  
2006: 393-394) –

деген пікірін ары қарай

«Құр күйбені бұ жалғанның ез етер,  
Шадыман шақ ескен желдей тез өтер,  
Жас қартайып, жаңа ескіріп, күш қайтып,  
Қуатты бел бүгілетін кез жетер»,  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 394) –

деп, адам өмірге келуден соң кету бар екендігін еске салған. Сондықтан да оны адами тұрғыда өткізу қажет деп санаған. Адамша өмір сүру Ахмедше ол – еңбек ету, бір күндікті емес, ғұмырды мәнді етіп өткізу турасында ой толғаған. Оған мына тұжырымдары – дәлел.

«Мал көздеме, ойлама азың тақ-тұғын,  
Бүтін киім, ойла тамақ тоқтығын.  
... Дүниеде ішіп-жеген, бір киген  
«Егінжай» деп дүниені еңбек ет –  
депті Расул бұл да – ақыл ғой бір түйген»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 394)

### **Ахмедтің адам бойындағы қасиеттер туралы ойлары**

Ахмед дүниеге қызығушылық, жомарттық пен сарандық, игі мінез бен жарамсыз қылық туралы да өз ойын білдірген. Адамның даңқын асырып, құрметке бөлейтін әрекеті оның жомарттығы деп білген. Қазақ халқы қолы ашық, жетім-жесірлерге демеуші болып жүретіндерді «Атымтай Жомарт» деп атаған. Мұндай адамдар біздің де қоғамда бар, алайда көп емес. Дегенмен дер кезінде кедей-кепшікке, кем-

кетікке көмекке келетін жандарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы танып, біліп жатамыз. Кеңестік кезеңдегі «адам адамға дос, бауыр» деген тәлімді сөздерді жиі айтқанымыз жөн. Қайырымдылығымен қатар қатыгездігі қатар заманда жомарт адамдардың қол созуы – игі әрекет. Ойшыл жомарт адамдарға пәле-жала жоламайды, кемшіліктері көрінбей қалады, сондықтан да сондай болуға асығу керек деген ойын былай жеткізген:

«Әр тілде бәрі мақтан асырады,  
Айыбын жомарт жанның жасырады.  
Бол жомарт – жуымайды пәлендей сөз,  
Ол өзі жаман сөзді қашырады»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 395).

Жомарттықпен қатар жүретін сарандық ешқашан жақсы абырой, атақ әкелмейтіндігін, оның жинаған байлығының берекесіздікке ұшырайтындығын ескерткен ойшылдың ойлары өз мәнін жомақ емес.

«Жинайды бақыл байлық талмай шіркін,  
Қалып-ақ жаман атқа дүркін-дүркін.  
Арам мал жұрт қолында таратылып,  
Жөнелер өкінішпен сүйтіп бір күн»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 39)

Ахмедтің ойын қазіргі бай-бағландар көкейлеріне түйіп жүрсе, барымен қажет жағдайларда бөлісіп жатса, нарықтық қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің алшақтығы білінбегендей болар еді.

Осындай қасиеттермен қатар еңбегінде ойшыл кішіпейілділік, тәкаппарлық туралы жазған. Кішіпейілділікті пайғамбардың «Алла кішіпейілдінің абыройын асырады, тәкаппардың құтын қашырады» деген сөзімен сабақтай отырып, ұрпағына арнап:

«Тағы бір керекті сөз – айтам дастан,  
Ұғып ал құлақ салып мендей дастан.  
Болып ал кішіпейіл өзгерместей,  
Аластап тәкаппарлық ойды бастан»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 39), –

деп жазған. Сонымен қатар ойшылдың дүние-қорлық, ашкөздік, мейірбандық, жамандық, ашу, ақыл, сабырлық, достық туралы өз ойын анық білдірген. Оларды заманауи жастарды тәрбиелеуде құрал етіп пайдалану міндетіміз. Бұл қасиеттерге жастарды отбасынан бастап көкейлеріне құяр, осыған ұқсас кітаптарды көбірек оқытар болсақ, қоғамдағы келеңсіз жайт-

тар азаяр еді. Ойшыл жақсылық пен жамандықты айта келіп, еңбегін аяқтаған. Олардың аражігін айырып, санамызға тоқуды өзімізге қалдырған. «Соған орай жаздым кітап, ақыма:

Қаласаң – ал, қаламасаң – оқыма!  
Әдиб сөзін кім түсініп, қаласа,  
Ел ішінде сыйлы болар сол аса!»  
(Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 2006: 401), –

дегені соның айғағы.

## Қорытынды

Осылайша Ахмед Иүгінекидің тарихи көзқарастарын қарастырдық. Тарихи ойларының адамгершілік қасиеттерге негізделетіндігіне көз жеткіздік. Ойшылдың ойлары ұрпақ тәрбиесіне аса қажет. Мектеп жасындағы оқушылардан бастап жоғары оқу орнында білім алатын жастарға арнайы тәрбиелік құрал дайындап, соның ішіне Ахмедтің осы еңбегінен үзінділер енгізудің ел, оның ертеңі үшін маңызы зор.

## Әдебиеттер

- Абай (1996). Өлеңдер. Алматы.  
Алтаев Ж. (2016). Ортағасырлардағы қазақ философиясы. Алматы: «Қазақ университеті». 579 б.  
Бертельс Е.Э. (1945). Хитаб аль-Хакаик Ахмада Югнаки//Труды Среднеазиатского гос. университета. Новая серия. Вып. 3. Гуманитарные науки, кн. 1. С. 53-647  
Қазақ халқының философиялық мұрасы. (2005). Жиырма томдық. 3-т. Ортағасырдағы түркі ойшылдары. Астана: Аударма. 5-т.  
Иүгінеки А. (2006). Ақиқат сыйы// Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Т.10. Астана: «Фолиант».  
Мұхатова О. (2009). Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық мәселелері және зерттеу үлгілері. Алматы: «Қазақ университеті».  
Мұхатова О. (2016). Қазақстан тарихының тарихнамасы. Алматы: «Қазақ университеті».  
Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. (2005-2006). Он томдық. 1-10 т. Астана: «Фолиант».  
Ахмет Иегунеки / <https://kk.wikipedia.org/wiki/> [Қаралған күні: 5.09.2017]  
Ахмет Иегунеки / (<http://bilim-all.kz/figure>[Қаралған күні: 5.09.2017]

## References

- Abay (1996). Olender. [Poems]. Almaty.  
Altaev Zh. (2016). Ortagasyrlardagy qazaq phylosophiasy. [The Kazakh philosophy of medieval times]. Almaty: «Qazaq universiteti».  
Bertels E.E. (1945). Hitab al-Hakayk Ahmeda Yganaki//Trudy Sredneasiatskogo gos. Universiteta. [Works of the Central Asian State University]. Novaya seriya. Vyp. 3. Gymanitarnye nayki. Kn 1. – P. 53-647.  
Qazaq halqynyn philosophyalyk mirasy. (2005). Zhuyrma tomdyk. 3-t. Ortagasyrlardagy tyrki oyshyldary.[ Medieval Turkic thinkers]. 5-t. Astana: Aydarma, 2005.  
Iugineki A. (2006). Aqiqat syiy, Tarih – adamzat aqyl-oyynyn qazynasy [Gift of truth]. On tomdyq. T.10. Astana: «Foliant».  
Muxatova O. (2009). Tarihnama gylymy: teoriyalyq-metodologiyalyq maseleleri jane zertteu ulgileri. [Historiography: theoretical-methodological problems and samples of research]. Almaty: «Qazaq universiteti», 2009.  
Muxatova O. ( 2016). Qazaqstan tarihnynyn tarihnamasy [Historiography of the history of Kazakhstan]. Almaty: «Qazaq universiteti».  
Tarih – adamzat aqyl-oyynyn qazynasy. (2005 – 2006). [History is the treasure of human intelligence]. On tomdyq. 1-10 t. Astana: «Foliant».  
Akhmet Iugineki. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>  
Akhmet Iugineki. <http://bilim-all.kz/figure>